

"GCD Partner" ЖШС жер учаскелеріндегі 10 кВ кабельдік желісін салу және қызмет көрсету үшін қоғамдық сервитутты орнату туралы

Қарағанды облысы Осакаров ауданы Осакаровка кентінің әкімінің 2024 жылғы 6 желтоқсандағы № 11 шешімі

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы Жер кодексіне, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына сәйкес Осакаровка кентінің әкімі ШЕШІМ ЕТТІ:

1. Осакаровка кентінің жерінде орналасқан ауданы 0,17 гектар 10 Кв КЛ салу және қызмет көрсету үшін Осакаровка кентінде жер пайдаланушылардан жер учаскесін алып қоймай, "GCD Partner" ЖШС жер учаскесін (жария сервитут) екі жыл мерзімге шектеулі пайдалану құқығы белгіленсін.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды кент әкімінің орынбасары Б.О.Жетпібаевқа жүктелсін.

3. Осы шешім алғаш ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Акижанов С.Т.